

[HTTPS://WWW.LEARNIS.R
U/337922/](https://www.learnis.ru/337922/)

Фильмді көр. Сұраққа жауап жаз.

САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ:
«АЛАШОРДА» КӨСЕМДЕРІ



ЖАҢА СӨЗДЕР

- Саясаткер – политик
- Тағылым / тәрбие – традиция, пример, влияние
- Айқын – очевидный, явный
- Кеменгер – выдающий, гениальный, мудрый
- Көрнекті – видный представительный
- Көсем – лидер, вождь

МӘТІНДІ ОҚЫ. ТАПСЫРМАЛАРДЫ ОРЫНДА

1917 жылдың 5-13 желтоқсан аралығында Орынборда екінші жалпы қазақ съезі өтті. Съезде Алашорда үкіметі құрылды. Оның **төрағасы** болып Ә.Бөкейхан сайланды. Осы съезде Алаш автономиясы жарияланды. «Алаш» партиясының бағдарламасы – алғаш рет 1917 жылдың **қарашасында** «Қазақ» газетінде жарияланды. Оны жасаушылар Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Е.Ғұмаров, Е.Тұрмұхамедов, Ғ.Жүндібаев және Е.Бірімжанов.

Бағдарлама мынадай тараулардан тұрды: мемлекет қалпы, жергілікті бостандық, негізгі хұқық, дін ісі, билік һәм суд, **ел қорғау**, салық, жұмысшылар, **ғылым-білім** үйрету, **жер мәселесі**.

Ұлт кеңесі құрамына 25 адам кірді. Алаш астанасы Семей қаласы еді.

«Алаш» партиясы қазақ халқымызда **тұңғыш** ұлттық-демократиялық партия болып табылады. «Алаш» партиясының құрылғанына 2017 жылы **100 жыл** толды.

Түркістан автономиясына қарасты облыстар - Талдықорған, Тараз, Шымкент, Қызылорда. Құрылған уақыты – 1917 ж 22 қараша Бүкілтүркістандық төтенше съезінде (Қоқан қаласында). Автономияда – ислам мемлекеттік дін ретінде қабылданды. Алғашқы төрағасы М.Тынышбаев, кейінірек М. Шоқай алмастырды.

Ауызша жауап бер. Аудиожазбаны ватсаппен жібер

- 1. Мәтіннен тірек сөздерді ата
- 2. Мәтін бойынша досыңа сұрақ қой
- 3. Мәтін бойынша досыңа дұрыс емес сөлем айт, досың түзесін
- 4. Мәтінде асты сызылған сөз қандай сұраққа жауап береді?
- 5. Мәтіннің негізгі ойын айт
- 6 мәтіндегі қара сөзбен берілген сөздерді орыс тіліне аудар.
- 7. Алашорда көсемдерін ата
- 8. Мәтінде Алашорда туралы есте сақтағаныңда айт
- 9 Түркістан автономиясы туралы есте сақтағаныңды айт
- 10. Мәтіндегі сандарды сөйлет.